

## Халықты, шаруашылық объектілерін және жерді селден қорғауды қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының Өкімі 1995 жылғы 24 мамыр N 32-10-е

Үстіміздегі жылғы ерте көктемде жоғары температура жағдайы байқалып отыр, соның салдарынан таулы аудандардағы қар қорының едәуір азаюына байланысты күшті нөсер жаңбырдың жаууы мен ауаның күрт қызу мүмкіндігінен сел құбылыстарының айтарлықтай жандануы мүмкін.

Халықты, шаруашылық объектілерін және жерді селден сенімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Семей, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Алматы қаласының әкімдері, Ішкі істер министрлігі, Азаматтық қорғаныс штабы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы, " Қазселденқорғау" өндірістік бірлестігі, басқа да мұдделі министрліктер, ведомстволар мен ұйымдар селге қарсы қорғаныс жөніндегі алдын алу жұмыстары кешенін жүзеге асыруды нақты мерзімдерде қамтамасыз етсін, оның ішінде:

қажет болған жағдайда сел тасқыны мен су жайылу қаупі кезінде немесе пайда болғанда халықты, кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді хабарландыру схемасын жаңартсын және толықтырысın, көшіру жоспарлары мен маршруттарын қайта қарасын, алдын-ала және авариялық-құтқару және табиғат апаттарының зардалтарын жою жұмыстарын жүргізуге тартылатын техникалық құралдар мен ұйымдарды айқындастын;

халықты, кәсіпорындар мен мекемелердің қызметкерлерін, оқушылар мен студенттерді сел құбылыстарынан болған төтенше жағдайлар кезінде іс-әрекет жасау ережесі тәртібінде қосымша оқып-үйретуді ұйымдастырысın;

объектілердің басымдығын ескере отырып, елді мекендердің, шаруашылық объектілерінің және жердің сенімді қорғалуын бағалау жөнінде жұмыс жүргізсін және нақты сел болу қаупі бар жағдайда объектілерді жабуға немесе қауіпті аймақтардан әкетуге дейін шаралар қолдансын;

өте қауіпті кезеңде сел қаупі бар аймақтарда өткізу режимін енгізсін, мамандар мен жауапты адамдардан тәулік бойғы кезекшілік ұйымдастырысın, селден қорғау шараларын жүргізуге байланысты гидрометеорологиялық және басқа ақпараттарды қабылдау-беруді жүйелі түрде жүзеге асырысın;

бір ай мерзім ішінде арнаулы мәжілістерде сел қаупіне арнаулы қызметтердің

дайындығы туралы басшылардың есебін тыңдастын, мұнда байқаушы пункттердің техникалық байқау және байланыс құралдарымен жабдықталуына, құлақтандыру жүйелерінің мұлтіксіз жұмыс істеуіне, авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру бөлімшелерінің өздеріне жүктелген міндеттерін жедел орындау әзірлігіне баса назар аударылсын.

## 2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы

Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы, "Қазселденқорғау" өндірістік бірлестігі селдің болуына себепші жағдайларды үздіксіз бақылау мен баға беруді қамтамасыз етсін және селдің пайда болу қаупі жағдайында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына, жергілікті әкімшілікке, мұдделі министрліктерге, ведомстволар мен ұйымдарға күтіліп отырған құбылыстар туралы жедел хабарлайтын болсын.

## 3. "Қазселденқорғау" өндірістік бірлестігі:

сел қаупі кезеңі басталғанға дейін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы төрағасының 1994 жылғы 2 қарашадағы N 32-3 өкіміне сәйкес құрылған комиссиясы айқындаған селден қорғау құрылыштарында бар барлық кемшіліктерді жойсын;

1995 жылғы 1 маусымдан 31 тамызға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына республиканың сел қаупі бар аудандарында гидрометеорологиялық жағдайлар жөнінде күн сайын бюллетень беріп тұрсын.

## 4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қазселденқорғау"

өндірістік бірлестігіне республикалық бюджетте көзделген  
операцияларға жұмсалатын шығыстарға, күрделі құрылыштарға және  
Талғар өзені бассейніндегі авариялық-қалпына келтіру жұмысын  
жүргізуге 1995 жылға және осы жұмыс жөніндегі 1994 жылғы  
берешегін өтеу үшін қаражатты дер кезінде бөлуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар жөніндегі  
мемлекеттік комиссиясының  
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК